

2023-2024 оқу жылындағы "Оқуға құштар мектеп" жобасы  
бойынша жасалған жұмыстар

2023 жылдың қыркүйек айында 1-сынып оқушыларына "Кітаппен оқуға құмармыз" тақырыбында мектеп кітапханасына жаңадан келіп түскен көркем әдеби кітаптарға көрме ұйымдастырылды. Оқушылар кітаптың мазмұнымен кеңінен танысып, өзара пікір алысты. Сонымен қатар 2023 жылдың 15 қыркүйек күні 5-9 сынып оқушыларына «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов» атты танымдық сабақ өткізілді. 1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай «Қарттарым-асыл қазынам» атты әдеби-музыкалық кеш өтті. Қарттардың қоғамдағы ролі ерекше екендігін ұғындыра отырып, қариялармызды құрметтеуге баулу. Кеш тренингпен басталып, мектеп өнерпаздары өнерлерімен жалғасын тапты. Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуы қарсаңында 5-6 сыныптар арасында көрініс қойылды. «Қасқыр мен қозы» көрінісін 5-сынып оқушылары ұйымдастырып, ал «Балықшы мен балық» көрінісін 6-сынып оқушылары көрсетті. 5-8 сынып аралығында «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан!» тақырыбында оқушыларды тәуелсіздік туралы түсініктерін кенейту, еліне туған жеріне деген сүйіспеншілігін мақтаныш сезімдерін арттыру, өз елін-жерін ұлттық намысын қорғау тәрбиелеу туралы биографиялық шолу өткізілді. 25 қазан Республика күніне орай 1-11 сынып аралығында «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Теректі мектеп балабақшасы бойынша "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз!" атты іс-шара барысында 4-сынып оқушыларының оқыған кітаптарымен және күз мезгіліне сурет салу шаралары өтті. "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша «10 минуттық кітап оқу» акциясы өткізілді. Осы жылдың алғашқы айы керемет акциямен басталып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтары арта түсті. Теректі мектеп-балабақшасында "Төрт тоқсан – төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында "Мектеп мұражайына саяхат" тақырыбында оқушыларға ұлағатты ұстаз Евесов Хайролла өмірі, шығармашылығы, ұстаздық қызметі, өнегелі істері туралы ақпарат айтылып, таныстырлым жасалды. 7-11 сынып оқушылары арасында онлайн «Шешендік сөздер!» челленджі ұйымдастырылды. Оқушылар арасында жас ұрпақты би-шешендер сөзінің тәрбиелік-тағылымдық маңызын меңгеруге баулу, оқушылардың сөйлеу шеберліктерін жетілдіру. Аталмыш челленджге 7-сынып оқушысы-Жолдығали Жаннұр Айдынғалиқызы, 9-сынып Жылқыбаева Мерейлім Ертайқызы, 9-сынып оқушысы-Жакешов Асылхан Сералыұлы, 11-сынып оқушысы – Әмірбай Жанерке Сейфуллақызы қатысты. Челлендж мектеп инстаграмына жарияланды. Теректі мектеп-балабақшасында "Оқуға құштар мектеп" жобасында кітап оқуды дәріптеу, кітап

оқуға тарту және кітап оқуға деген қызғыушылық, пен ынтаны дамыту мақсатында "Өзің оқы да, өзгеге ұсын" шарасы өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік бастауы» атты желтоқсан жауқазындары туралы еске алу кеші ұйымдастырылды. Оқушыларға еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабалармыздың ерлігін паш ету мақсатында «Желтоқсан құрбандары» мен желтоқсан оқиғасына қатысқан аға апалармыздың ерлігі үлгі етіп көрсетілді. 9 ақпан Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған челендж, патриотық, рухани-адамгершілік тәрбие мен төзімділікті қалыптастыру, дарынды оқушыларды қолдау және шығармашылық жұмысты дамыту. "Оқуға құштар мектеп" жобасында республикалық челенджі барысында Халық қаһарманы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан жазушысы Қасым Қайсеновтың " Жау тылындағы бала" атты повесі ұсынылды. «Ана деп көркем жыр төккен, Армысын ару нұр-көктем» ана туралы өлендер челленджі өткізілді.

Мектеп кітапханашысы Ф.Е.Жоламан